

## СССР ХАЛЫҚ АРТИСЫ КҮЛӘШ – ОПЕРАНЫҢ ЖАС АРТИСТЕРІ ТУРАЛЫ



«Ер Тарғын» операсы – Қазақ елінің мәдениет майданында тапқан табысының жемісі. Қазақ сахнасына лайықты болып, социалдық құрылысымыздың искусствосын көзге көрсете алатын опера болды.

«Ер Тарғын» операсы актерлеріміздің күшін білу үшін олардың келешектегі ісін сымға тартқандай үлгілі қылып шығаруға жол салды. «Ер Тарғын» операсын қоярда үлкен даярлық жұмыстары жүргізілді, халықтың ойындағы пікірін, тілектерін орындай алу жағы көзделді. «Ер Тарғын» операсы бұрынғы қойылып жүрген «Қыз Жібек», «Жалбырдағы» образдармен қабыспайтын болды.

Ер Тарғын рөлі мен Ақжүніс рөліндегі кейіпкерді түбегейлі көрсету үшін барлық күш салуға тура келді. Бұрын ойнап жүрген Жалбыр, Қыз Жібек рөліндегі қыздардың мінез-құлқы, тілегі, мақсаты «Ер Тарғындағы» Ақжүніс рөліне қабыспайды. Ақжүніс – елден шыққан жауыз, өзімшіл, баққұмар, өзінің жеке басының қадірлі болуын ғана ойлайтын адам. Жұртты тілімен алдап, Ер Тарғынды масқаралау, мазақ қылуды ғана мақсат етеді. Менің алдымда осы сияқты қиындықтар тұрса да Ақжүністің образын жасап, ойнап бере алды деп көпшілік баға берді. Ақжүністің рөлі – басқа персонаждарға қарағанда өте күшті, нәзік рөл. Ақжүністің рөлін де: оның жүріс-тұрысын, қимылын, өлеңін операда лайықтау жағына көңіл бөлдім.

«Ер Тарғын» операсына қатынасқандардың көбі – жас актерлер. Бұлардың көбі әлі үйреніп жүрсе де «Ер Тарғында» басты персонаждардың міндетін атқарды.

Нұрмағамбетова Хафиза бұрын көрнекті актерлік рөлін атқармаса да «Ер Тарғында» Тана рөлін жақсы ойнап шықты. Тана рөлін ойнағанда Хафиза мінез-құлқын, адамгершілігін, жүріс-тұрысын рөліне үйлестіре білді.

Хафиза – жастарымыздан шыққан, жаңа өсіп келе жатқан актер. Бұдан бұрын «Жалбырда» үш рет Хадиша болып ойнады. Шамам келгенше Хафизаны актер қылып шығаруға кірістім.

Жастарымыздың ішінде талантты актер болуға ынтасын, жігерін жұмсап жүргендер көп. Садуақасова, Рақымбаева сияқты жолдастар келешекте атақты актер болатындықтарын істерімен көрсете бастады.

Садуақасова 1936 жылы сентябрь айында музыкалық театрға кірді. Садуақасова бірінші рет «Ер Тарғында» ханның әйелі болып ойнады. Кемпірдің жүріс-тұрысын, даусын келтіре алды. Халқымыздың күткен тілегіне ойынды үлестіре білді.

Сәрсенбаева «Қыз Жібек» пьесасында Карлығаш болып ойнайды. «Ер Тарғында» Тана рөлін ойнайды. Бұл да жас талантты актеріміздің бірі болып отыр.

«Ер Тарғын» операсына Сәрсенбаева, Нұрмағамбетова, Садуақасова, Рақымбаева, Мұсабеков сияқты жас актерлер шықты. Жас актерлерімізді өсіру

жолында әлі де болса істейтін жұмыстарымыз көп. Олар әлі де көп көмекке мұқтаж. Алдағы күнде Қазақ опера театрының коллективі бұл міндетін ойдағыдай орындамақ.

*Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 18-19 б. – (Меретойлық әдебиет).*